

"ББ-ны Тізілімге енгізу" өтінімі

№	Жиек атауы	Ескертпе
1	Тіркеу нөмірі	
2	Білім беру саласындағы код және жіктелім	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
3	Дайындық бағытындағы код және жіктелім	7R011 Денсаулық сақтау
4	Білім беру бағдарламаларының тобы	R007
5	Білім беру бағдарламасының атауы	7R01103 - Пульмонология ересектер, балалар
6	ББ түрі	Мәндер (әдепкі қалпы бойынша -ешқандай мән таңдалмаған): а) Қолданыстағы ББ; б) жаңа ББ ; с) инновациялық ББ.
7	ББ мақсаты	Дәлелді тәжірибе негізінде стационарлық және амбулаториялық жағдайларда науқастарды (ересектерді және балаларды) тексеруге, оларға бронх-өкпе аурулары бойынша диагноз қоюға, емдеуді жүргізуге және алдын алуға қабілетті қоғам сұранысына ие жоғары білікті пульмонолог дәрігерлерді даярлау .
8	ББХСЖ бойынша деңгей	
9	ҰБШ бойынша деңгей	7
10	СБШ бойынша деңгей	7
11	ББ айрықша ерекшеліктері	а) Жоқ; b) Бірлескен ББ (БББ) c) Қос дипломды ББ (ҚДББ)
	Серіктес ЖОО (БББ)	Егер "ББ айрықша ерекшеліктері" жиегінде "Бірлескен ББ (БББ)" мәні таңдалса, бұл жиек көрсетілуі тиіс
	Серіктес ЖОО (ҚДББ)	Егер "ББ айрықша ерекшеліктері" жиегінде "Қос дипломды ББ (ҚДББ)" мәні таңдалса, бұл жиек көрсетілуі тиіс
12	Құзыреттер тізімі	КК-1: Нормативтік актілерге (бұйрықтар, стандарттар, клиникалық хаттамалар) сәйкес бронх-өкпе ауруларын анықтау, тексеру нәтижелерін интерпретациялау және диагнозды қою мақсатында науқастың анамнезін жинау, науқастарға (ересектер мен балалар) физикалық, зертханалық және аспаптық тексерулер жүргізу. КК-2: Бронх-өкпе ауруымен ауыратын науқастарға (ересектер мен балалар) нормативтік актілерге (бұйрықтар, стандарттар, клиникалық хаттамалар) сәйкес емдеуді тағайындау. Патогендердің дәрілік заттарға сезімталдығын анықтау арқылы бактерияға қарсы терапияны және химиотерапияны ұтымды қолдану. КК-3: Медициналық этика және деонтология қағидаларын сақтау және оларды тәжірибеде қолдану; пациенттерді (сондай-ақ олардың туыстарын немесе заңды өкілдерін) тыныс алу органдарының ауруларын емдеу және алдын алу мәселелері бойынша ақпараттандыру және кеңес беру. КК-4: Инфекциялық бақылау талаптарын сақтау;
13	Оқыту нәтижелері	

		<p>жұмыс орнында персоналдың кәсіптік инфекциясының алдын алуды жүзеге асыру.</p> <p>КК-5: Нормативтік актілерге (бұйрықтар, стандарттар, клиникалық хаттамалар) сәйкес бронх-өкпе ауруларымен ауыратын науқастарға еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізу.</p> <p>КК-6: Нормативтік актілерге (бұйрықтар, стандарттар, клиникалық хаттамалар) сәйкес бронх-өкпе ауруларымен ауыратын науқастарды (ересектер, балалар) медициналық оңалту бойынша іс-шараларды жүргізуге медициналық көрсеткіштерді анықтау.</p> <p>КК-7: Нормативтік актілерге (бұйрықтар, стандарттар, клиникалық хаттамалар) сәйкес бронх-өкпе ауруларымен ауыратын науқастарға (ересектер, балалар) диспансеризациялауды жүргізу.</p> <p>КК-8: Бронхо-өкпе ауруларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, тыныс алу мектептеріне және салауатты өмір салтын насихаттауға арналған іс-шараларға қатысу.</p> <p>КК-9: Пульмонология саласындағы зерттеу сұрақтарын құрастыру, мәліметтерді жинау және талдау, зерттеу нәтижелеріне қорытынды жасау және оларды пульмонолог дәрігер тәжірибесінде қолдану.</p> <p>КК-10: Жеке дағдыларды, көшбасшылық қабілеттерді, топтық жұмысты, мақсатқа жетуді, уақыт пен стрессті басқару дағдыларын дамыту үшін үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларына қатысу.</p> <p>КК-11: Бронхо-өкпе ауруларымен ауыратын науқастарға (ересектерге, балаларға) шұғыл медициналық көмек көрсету (мамандар тобының құрамында және жеке)</p>
14	Оқыту нысаны	Күндізгі
15	Оқыту тілі	Қазақ, орыс
16	Кредиттер көлемі	140
17	Берілетін академиялық дәреже	Ересектер, балалар пульмонолог дәрігері
18	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның болуы	Бар болады
19	ББ аккредиттеудің болуы	Бар Жоқ
	Аккредиттеу органының атауы	Тиісті аккредиттеу органының атауы көрсетілуі тиіс
	Аккредиттеудің қолданылу мерзімі	Аккредиттеудің тиісті қолданылу мерзімі көрсетілуі тиіс
20	Пәндер туралы мәліметтер	ЖК/ТК ЖББП, БП, БП пәндері туралы мәліметтер (2.2 қосымша)

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптасқан құзыреттер (кодтар)
Бейіндік пәндер циклі				
Міндетті компонент				
		Пән тыңдаушының нормативтік нұсқауларға, клиникалық хаттамаларға сәйкес амбулаториялық-		

1	Амбулаториялық-емханалық пульмонология-1, ересек (пульмонологиядағы функционалды әдістері; бронхолитикалық және бактерияға қарсы терапияның жалпы принциптері; амбулаториялық кезеңде тыныс алу мүшелерінің респираторлық аурулары)	емханалық жағдайда ересектердегі бронх-өкпе ауруларын диагностикалау, емдеу, қауіпсіз және тиімді бронхолитикалық және антибактериалды терапияны таңдау, науқастарға шұғыл медициналық көмек көрсету, науқасты және оның туыстарын этика қағидаларын сақтай отырып хабардар ету дағдыларын, науқастардың мүгедектігін бағалауды, тыныс алу органдарының аурулары бар науқастарға клиникалық тексеруді жүргізуді, бронх-өкпе аурулары бойынша ғылыми зерттеулерге және оқыту семинарларына қатысуды, амбулаторлық сатыда ересектердегі бронх-өкпе ауруларының алдын алу және емдеу бойынша денсаулық мектептерін ұйымдастыру дағдыларын дамытады	18	КК-1, КК-2, КК-3, КК-5, КК-7, КК-8, КК-9, КК-10, КК-11
2	Амбулаториялық-емханалық пульмонология-2, ересектер (өкпенің аллергиялық және кәсіптік аурулары; ұйқыдағы тыныс алу бұзылыстары; өкпені оңалту; амбулаториялық кезеңде тыныс алуды қолдау)	Пән тыңдаушының нормативтік нұсқауларға, клиникалық хаттамаларға сәйкес амбулаториялық-емханалық жағдайда ересектердегі аллергиялық және кәсіптік ауруларды диагностикалау, емдеу, ұйқы жағдайында тыныс алудың бұзылуы, қауіпсіз және тиімді терапияны таңдау, науқасты және оның туыстарын этика қағидаларын сақтай отырып хабардар ету дағдыларын, науқастардың мүгедектігін бағалауды жүргізу, тыныс алу органдарының аурулары бар науқастарды клиникалық тексеру және оңалтуды жүргізу, бронх-өкпе аурулары бойынша ғылыми зерттеулер мен оқыту семинарларына қатысу, бронх-өкпе ауруларының алдын алу және емдеу бойынша денсаулық мектептерін ұйымдастыру, ересектерге амбулаторлық сатыда науқастың тыныс алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру дағдыларын дамытады	12	КК-1, КК-2, КК-3, КК-5, КК-6, КК-7, КК-8, КК-9, КК-10, КК-11
3	Амбулаториялық-емханалық пульмонология-1, балалар (диагностиканың функционалды әдістері және дифф. бронх-өкпе ауруларының диагностикасы; амбулаториялық кезеңде балалар пульмонологиясында жиі кездесетін аурулар; балалардағы бронх-өкпе ауруларын диспансерлеу; міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, тегін медициналық көмектің	Пән тыңдаушының амбулаториялық-емханалық жағдайда функционалды және сәулелік диагностика әдістерін қолдана отырып, балалардағы кең таралған тыныс алу органдарының ауруларын диагностикалау және дифференциалды диагностикалау дағдыларын, балалардағы кең таралған бронх-өкпе ауруларын клиникалық хаттамаларды сақтай отырып емдеу, қауіпсіз және тиімді терапияны таңдау, науқасты және оның туыстарын этика қағидаларын сақтай отырып хабардар ету дағдыларын, амбулаториялық деңгейде балаларға диспансерлік бақылауды жүзеге асыру, ауруханаға дейінгі кезеңде балаларға шұғыл және алғашқы медициналық көмек көрсету, бронх-өкпе аурулары бойынша ғылыми зерттеулер мен оқыту семинарларына қатысу, денсаулық сақтау мектептерін ұйымдастыру,	12	КК-1, КК-2, КК-3, КК-5, КК-7, КК-8, КК-9, КК-10, КК-11

	кепілдік берілген көлемі бойынша қызметтер көрсету)	балалардағы бронх-өкпе ауруларының алдын алу және емдеу, тыныс алу жүйесінің жұқпалы аурулары бар балаларға иммунопрофилактика жүргізу, амбулаториялық кезеңде балалардың тыныс алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру дағдыларын дамытады		
4	Амбулаториялық-емханалық пульмонология-2, Балалар (балалардағы орфандық аурулар; балалардағы бронх-өкпе жүйесінің туа біткен ақаулары; балалардағы өкпе мен бронхтардың тұқым қуалайтын аурулары; бронх-өкпе аурулары бар балаларды оңалту)	Пән тыңдаушының клиникалық хаттамаларды, нормативтік құжаттарды сақтай отырып, амбулаториялық жағдайда балалардағы тыныс алу жүйесінің туа біткен ақауларын, тұқым қуалайтын ауруларын диагностикалау және емдеу дағдыларын, қауіпсіз және тиімді терапияны таңдау дағдыларын, науқасты және оның туыстарын этика қағидаларын сақтай отырып хабардар ету дағдыларын, тыныс алу жолдары аурулары бар балаларды реабилитациялауды жүзеге асыруды, ауруханаға дейінгі кезеңде балаларға шұғыл және алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын, бронх-өкпе аурулары бойынша ғылыми зерттеулерге және оқыту семинарларына қатысу дағдыларын, профилактика және емдеу бойынша денсаулық мектептерін ұйымдастыру дағдыларын, бронх-өкпе аурулары, жұқпалы респираторлық аурулары бар балаларға иммунопрофилактика жүргізу, амбулаториялық кезеңде балалардың тыныс алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады	10	КК-1, КК-2, КК-3, КК-5, КК-6, КК-8, КК-9, КК-10, КК-11
5	Стационардағы Пульмонология-1, ересектер (пульмонологиядағы диагностиканың визуалды әдістері; Пульмонологиядағы Патоморфология; Пульмонологиядағы Фармакотерапия; стационардағы тыныс алу мүшелерінің тыныс алу аурулары)	Пән тыңдаушының стационарлық деңгейде клиникалық хаттамаларға сәйкес ересектердің бронх-өкпе ауруларын диагностикалау дағдыларын және визуалды, патоморфологиялық тексеру нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын, пациенттің жағдайын ескере отырып қауіпсіз және тиімді терапияны таңдау дағдыларын, пациенттің ілеспе ауруларын, аурудың ауырлығын ескере отырып хирургиялық араласуға көрсеткіштерді анықтау, этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып науқасқа және оның туыстарына емдеу бойынша ақпарат беру, респираторлық аурулармен ауыратын науқастарды оңалту және ауруханада науқастың тыныс алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру дағдыларын, ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу мақсатында инфекциялық қауіпсіздікті сақтау дағдыларын, медициналық көмек көрсету сапасын тексеру, стационарлық деңгейде ересектердегі бронх-өкпе аурулары бойынша үздіксіз біліктілікті арттыру іс-шараларына қатысу дағдыларын қалыптастырады	22	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-6, КК-9, КК-10, КК-11

6	<p>Стационардағы Пульмонология-2, ересектер (Фтизиопульмонология; Онкопульмонология; өкпенің интерстициальды және орфандық аурулары; бронх-өкпе жүйесінің дамуындағы ауытқулар және өкпедегі іріңді процестер; қарқынды пульмонология; интервенциялық пульмонология)</p>	<p>Пән тыңдаушылардың клиникалық хаттамаларды сақтай отырып ересектердегі туберкулезді және онкологиялық ауруларды дифференциалды диагностикалау, пациенттерді тексеру әдістерінің нәтижелерін түсіндіру, интерстициальды және орфандық ауруларды диагностикалау және емдеу дағдыларын, бронх-өкпе жүйесінің дамуының аномалиялары мен өкпенің іріңді процестерін емдеу дағдыларын, науқастың қатар жүретін ауруын ескере отырып қауіпсіз және тиімді терапияны таңдау дағдыларын, аурудың ауырлығын ескере отырып хирургиялық араласуға көрсеткіштерді анықтау дағдыларын, ересек пациенттерде қарқынды және интервенциялық терапия әдістерін қолдану дағдыларын, этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып науқасқа және оның туыстарына емдеу бойынша ақпарат беру, респираторлық аурулармен ауыратын науқастарды реабилитациялауды жүргізу және стационарлық деңгейде науқастың тыныс алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу мақсатында инфекциялық қауіпсіздікті сақтау, медициналық көмектің сапасын сараптау, үздіксіз кәсіби медициналық даму курстарына қатысу дағдыларын қалыптастырады.</p>	26	<p>КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-6, КК-9, КК-10, КК-11</p>
7	<p>Стационардағы Пульмонология-1, балалар (Балалар пульмонологиясындағы визуалды диагностика әдістері; балалар пульмонологиясындағы Фармакотерапия; әртүрлі патогендік факторлармен байланысты аурулар; тыныс алу жолдарының аллергиялық аурулары)</p>	<p>Пән тыңдаушының клиникалық хаттамаларға сәйкес стационарлық деңгейде балаларды клиникалық және зертханалық-аспаптық зерттеу арқылы әртүрлі патогендік факторлармен және аллергиялармен байланысты балалардағы бронх-өкпе ауруларын диагностикалауды, емдеуді, зерттеу нәтижелерін интерпретациялауды, қауіпсіз және тиімді препараттарды таңдау дағдыларын, науқастың қатар жүретін ауруын, аурудың ауырлығын ескере отырып хирургиялық араласуға көрсеткіштерді анықтау дағдыларын, ауруханаішілік инфекцияның алдын алу мақсатында инфекция қауіпсіздігін сақтау дағдыларын, этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып науқасқа және оның туыстарына емдеу бойынша ақпарат беру, респираторлық аурулармен ауыратын науқастарды оңалту және стационар деңгейінде балалардың тыныс алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, медициналық көмектің сапасын сараптау, бронх-өкпе аурулары бойынша ғылыми зерттеулер мен оқыту семинарларына қатысу дағдыларын қалыптастырады</p>	18	<p>КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-6, КК-9, КК-10, КК-11</p>
8	<p>Стационардағы пульмонология-2, балалар (Балалардағы бронх-өкпе</p>	<p>Пән тыңдаушының клиникалық хаттамаларға сәйкес стационарлық деңгейде балаларды клиникалық және</p>		

	жүйесінің туа біткен ауытқулары және генетикалық анықталған аурулар; балалардағы өкпенің интерстициальды аурулары; балалық шақтағы қарқынды пульмонология)	зертханалық-аспаптық зерттеу арқылы бронх-өкпе жүйесінің туа біткен аномалияларын, генетикалық ауруларын мен интерстициальды ауруларын диагностикалауды, емдеуді, зерттеу нәтижелерін интерпретациялауды, қауіпсіз және тиімді препараттарды таңдау дағдыларын, науқастың қатар жүретін ауруын, аурудың ауырлығын ескере отырып хирургиялық араласуға көрсеткіштерді анықтау дағдыларын, ауруханаішілік инфекцияның алдын алу мақсатында инфекция қауіпсіздігін сақтау дағдыларын, этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып науқасқа және оның туыстарына емдеу бойынша ақпарат беру, респираторлық аурулармен ауыратын науқастарды оңалту және стационар деңгейінде балалардың тыныс алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, медициналық көмектің сапасын сараптау, бронх-өкпе аурулары бойынша ғылыми зерттеулер мен оқыту семинарларына қатысу дағдыларын қалыптастырады	16	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-6, КК-9, КК-10, КК-11
Таңдау компонентты				
1	Пульмонологиядағы кеуде хирургиясы	Пән пациенттердегі бронх-өкпе ауруларының диагностикасын, хирургиялық араласуға көрсеткіштерді анықтауды, клиникалық хаттамаларды сақтай отырып науқастардың (ересектер, балалар) тыныс алу жүйесіне хирургиялық операцияларды жасауды, анестезияның қауіпсіз және тиімді әдісін таңдауды, операциядан кейінгі асқынулардың алдын алуды, науқасқа және оның туыстарына этика қағидаттарын сақтай отырып операция жасау туралы ақпараттандыруды, респираторлық аурулармен ауыратын науқастардың операциядан кейінгі оңалтуын жүзеге асыруды, медициналық көмек көрсету сапасын тексеруді зерттейді	4	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-6
2	Фтизиатрия	Пән ересектер мен балалардағы өкпе туберкулезінің этиологиясын, патогенезін және патоморфозын, эпидемиологиясын, біріншілік және екіншілік өкпе туберкулезінің формаларын, туберкулездің әртүрлі жағдайлармен және аурулармен қатар жүретін түрін, өкпе туберкулезінің диагностикасы, емі, профилактикасының клиникалық хаттамаларға және фтизиопульмонологиялық көмек көрсету стандарттарына сәйкес жүргізілеуін, туберкулездің асқыну қаупін бағалауды, туберкулезге қарсы инфекциялық бақылауды, туберкулезге қарсы адвокация, коммуникация, әлеуметтендіру және жұмылдыруды, туберкулезбен ауыратын науқастарға оңалту және паллиативтік көмек көрсетуді,	4	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-5, КК-6, КК-7, КК-8, КК-9, КК-10

		фтизиатриядағы диспансерлік есепке алуды, есепке алу және есеп беру құжаттарын жүргізуді, фтизиатрия бойынша зерттеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттейді.		
3	Пульмонолог тәжірибесіндегі дәлелді медицина	Пән зерттейді: РІСО-ға сәйкес клиникалық мәселелерді анықтау негіздерін, науқастарға пульмонологиялық көмек көрсету үшін дәлелді деректерді іздеуді, ғылыми зерттеулерге сыни талдау жүргізуді, зерттеу негізінде клиникалық мәселе бойынша қорытынды тұжырымдауды, клиникалық нұсқауларды әзірлеуді және алынған мәліметтерді пульмонологтың тәжірибесінде пайдалануды	4	КК-1; КК-2; КК-9.
	Қорытынды аттестация		2	
	Барлығы		140	